



Қазақстан Республикасы  
Стратегиялық жоспарлау және  
реформалар агенттігінің  
Ұлттық статистика бюросы

# Сапа бойынша есеп

2025 жылы Қазақстан Республикасындағы  
тұрғын үй нарығындағы баға индексі

## Мазмұны

- S.1 Байланыс деректері
- S.2 Өзектілік-кіріспе
- S.3 Метадеректерді жаңарту
- S.4 Статистикалық ақпаратты ұсыну
- S.5 Өлшем бірлігі
- S.6 Есепті кезең
- S.7 Құқықтық негіз
- S.8 Құпиялылық және деректерді қорғау
- S.9 Жарияланымдар саясаты
- S.10 Тарату жиілігі
- S.11 Тарату форматы, қолжетімділік және нақтылық
- S.12 Құжаттаманың қолжетімділігі
- S.13 Сапаны басқару
- S.14 Өзектілік
- S.15 Дәлдік және сенімділік (байқау түрін ескерумен толтырылады)
- S.16 Уақыттылық және ұқыптылық
- S.17 Салыстырмалылық
- S.18 Келісушілік
- S.19 Жүктеме
- S.20 Деректерді қайта қарау
- S.21 Статистикалық деректерді өңдеу
- S.22 Ескерту

## S.1. Байланыс деректері

### S.1.1. Ұйым

Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің  
Ұлттық статистика бюросы (бұдан әрі – Бюро).

### S.1.2. Құрылымдық бөлімше

Баға статистикасы департаменті

### S.1.3. Байланыс адамының аты-жөні

Байгужинова Динара Жумагалиевна

#### S.1.3.1 Жауапты құрылымдық бөлімше басшысының аты-жөні

Демешева Торгын Маратовна

### S.1.5. Байланыс адамының пошталық мекенжайы

010000, Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Мәңгілік ел даңғылы 8,  
Министрліктер үйі, 4-кіреберіс

### S.1.6. Байланыс адамының электрондық пошта мекенжайы

[di.baiguzhinova@aspire.gov.kz](mailto:di.baiguzhinova@aspire.gov.kz)

### S.1.7. Байланыс адамының телефон нөмірі

+7(7172)74-97-86

## S.2. Өзектілік - кіріспе

Тұрғын үй нарығындағы баға индексі жылжымайтын мүлік объектілерін сату мен жалға беру бағаларының өзгеруін сипаттайды.

Тұрғын үйге орташа баға және баға индекстері оны бағалау, әртүрлі ақша төлемдерінің мөлшерін анықтау, бағдарламалар мен жобаларды іске асыру мониторингісі, халықаралық салыстыруларды жүргізу үшін пайдаланылады. Аталған көрсеткіштердің серпіні жалпы ішкі өнімді есептеу, талдау, болжамдау және ғылыми зерттеулер жүргізу, республиканың және өңірлер халқының әл-ауқатын өлшеу, жеке тұлғалардың және құрылыс ұйымдарының тұрғын үй құрылысын жүргізу және сатып алу туралы шешім қабылдау кезінде пайдаланылады.

## S.3. Метадеректерді жаңарту

### S.3.1. Жаңартылған метадеректерді соңғы растау

17.06.2022

### S.3.2. Метадеректерді соңғы орналастыру

17.06.2022

### S.3.3. Метадеректерді соңғы жаңарту

17.06.2022

## S.4. Статистикалық ақпаратты ұсыну

### S.4.1 Деректерді сипаттау

Дереккөздеріне байланысты қалалық елді мекендердің бастапқы немесе қайталама нарығындағы тұрғын үйді сатудың және тұрғын үйді жалға берудің бағалары байқалады.

Бастапқы тұрғын үй нарығы пайдалануға жаңа енгізілген нарықты білдіреді. Сатып алу-сату объектісі біраз уақыт аралығында жұмыс істейтін және пайдалану нәтижесінде едәуір тозу дәрежесі бар тұрғын үй нарығы қайталама деп есептеледі.

#### S.4.2. Жіктеу жүйесі

Мынадай статистикалық жіктеуіштер пайдаланылады:

- 1) МТЖТН - Мақсаттар бойынша жеке тұтыну жіктеуішіне тауар айқындамаларының анықтамалығы (Бюроның [www.stat.gov.kz](http://www.stat.gov.kz) интернет-ресурсындағы «Басты бет» / «Статистикалық жіктеулер» / «Анықтамалық» бөлімінде орналастырылған);
- 2) ТНБОА - Тұрғын үй нарығындағы байқау объектілерінің анықтамалығы.

#### S.4.3. Секторалдық қамту

Тұрғын үй нарығындағы баға деңгейі туралы алғашқы деректерді жинау баға индекстерін құрудың әдіснамалық тәсілдеріне және халықаралық стандарттарға сәйкес келетін іріктемелі тұжырымдамаға негізделген. Тұрғын үй нарығындағы бағаны зерттеу жылжымайтын мүлікпен операцияларды жүзеге асыратын ұйымдардың және оған бағаны жинау үшін әртүрлі тұрғын үйлері жеткілікті саны бар республикалық маңызы бар қалаларда, облыс орталықтарында және астанада жүзеге асырылады. Бұл деректердің толықтығын, белгіленген талаптарды ескере отырып, ақпаратты алудың жүйелілігін және көрсеткіштерді қалыптастырудың уақтылылығын қамтамасыз етеді.

#### S.4.4. Статистикалық тұжырымдамалар және анықтаулар

- 1) Тұрғын үй нарығындағы баға өзгерісін байқау Тұрғын үй нарығындағы бағалар индексін құру әдістемесіне сәйкес жүргізіледі, ол Бюроның [www.stat.gov.kz](http://www.stat.gov.kz) интернет-ресурсындағы «Экономика» / «Баға статистикасы» / «Әдіснама» бөлімінде, сондай-ақ Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесінде [www.adilet.zan.kz](http://www.adilet.zan.kz) қолжетімді. Байқау типі - іріктемелі байқау.
- 2) Деректерді жинау құралдарды - «Жаңа тұрғын үй бағаларын тіркеу дәптері» (индексі 1-ЦРЖ, кезеңділігі айлық) жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысаны.

#### S.4.5. Статистикалық объект

Жылжымайтын тұрғын үй объектілерін сату және жалға беру бойынша операцияларды жүзеге асыратын ұйымдар.

#### S.4.6. Бас жиынтық (зерттеу бірлігінің іріктеу қағидаты)

Байқау іріктемелі әдіспен жүзеге асырылады.

Тұрғын үй нарығындағы бағаларды байқау үшін ұйымдарды іріктеу келесі критерийлерді сақтаумен жүзеге асырылады:

- 1) іріктелген объектілер тұрғын үй түрлерін барынша мүмкін қамтумен қамтамасыз етеді;
- 2) іріктемеде тұрғын үйді жалға беру бойынша қызметтердің әртүрлі көлемімен ұйымдар көрсетілген;
- 3) ұйымдардың баға ақпараты қаланың барлық аудандарындағы тұрғын үйге баға өзгерісін көрсетеді;

4) тұрғын үйдің орналасқан жері мен бағасын қоса алғанда оның атрибуттары бойынша ақпарат қолжетімді.

#### S.4.7. Аумақтық қамту

Қазақстан Республикасы (республикалық маңызы бар қалалар, облыс орталықтары және астана).

#### S.4.8. Қамту уақыты

2007 жылдан бастап айлар бойынша серпінде деректер бар.

#### S.4.9. Базалық кезең

2020 жыл = 100%

#### S.5. Өлшем бірлігі

Пайыз

#### S.6. Есепті кезең

Ай

#### S.7. Құқықтық негіз

##### S.7.1 Құқықтық база

1. «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы №257-IV Заңы.
2. Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Бюро басшысының бұйрығымен бекітілетін Статистикалық жұмыстар жоспары.
3. Бюро басшысының бұйрығымен бекітілетін Ресми статистикалық ақпаратты тарату графигі.
4. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2018 жылғы 26 желтоқсандағы №16 бұйрығымен бекітілген Бағаларды тіркеу қағидалары, Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 27 желтоқсанда № 18065 болып тіркелді.
5. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының міндетін атқарушының 2016 жылғы 26 ақпандағы №41 бұйрығымен бекітілген «Тұрғын үй нарығындағы бағалар индекcін құру әдістемесі», Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде №13558 болып тіркелген.

#### S.8. Құпиялылық және деректерді қорғау

##### S.8.1. Құпиялылық саясаты

1. «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы № 257-IV Заңының 8-бабына сәйкес респонденттер ұсынған деректердің құпиялылығы және қорғалу кепілдіктері қамтамасыз етіледі.
2. Бюро басшысының 2021 жылғы 10 ақпандағы № 20 бұйрығымен бекітілген Ақпараттық қауіпсіздік саясаты (бұдан әрі – Саясат) Бюроның ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы мақсаттарын, міндеттерін, басшылық қағидалары мен практикалық тәсілдерді айқындайды. Саясаттың негізгі мақсаты ресми статистикалық ақпараттың қолжетімділігін, оның тұтастығы және теңтүпнұсқалығы шартында Бюроның есептеу техникасы құралдарында өңделетін және сақталатын ақпараттың құпиялылығын қамтамасыз ету болып табылды.

3. Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 29 қазандағы № 375-V Кәсіпкерлік кодексінің 28-бабы коммерциялық құпияны құрайтын ақпаратты қорғауды қамтамасыз етеді.

#### S.8.2. Құпиялылық - деректермен жұмыс істеу

Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі Төрағасының 2010 жылғы 2 шілдедегі № 168 бұйрығымен бекітілген Дерекқорды ғылыми және ғылыми-техникалық қызметте сәйкестендірілмеген түрінде пайдалану үшін ұсыну қағидалары. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2010 жылғы 13 тамызда № 6388 болып тіркелген.

#### S.9. Жарияланымдар саясаты

##### S.9.1. Жарияланым күнтізбесі

«Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы № 257-IV Заңының 26-бабы 1, 2-тармақтарына сәйкес Ресми статистикалық ақпаратты тарату графигі қалыптастырылады.

##### S.9.2. Графикке қол жеткізу

Ресми статистикалық ақпаратты тарату графигі Мемлекеттік органдардың интернет-ресурстарының бірыңғай платформасындағы [www.gov.kz](http://www.gov.kz) «Мемлекеттік органдар» / «Басқалар» / «Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі» / «Бюро» / «Құжаттар» бөлімінде орналастырылған.

##### S.9.3 Пайдаланушы үшін қол жеткізу

Ресми статистикалық ақпарат Ресми статистикалық ақпаратты тарату графигіне сәйкес Статистикалық жұмыс жоспарында көзделген көлемде таратылуға жатады.

Мемлекеттік статистика органдары пайдаланушыларға сапалы ресми статистикалық ақпаратқа және статистикалық әдіснамаға бір мезгілде қол жеткізуге тең құқықтарды Бюроның [www.stat.gov.kz](http://www.stat.gov.kz) интернет-ресурстарында орналастыру арқылы қамтамасыз етеді.

#### S.10. Тарату жиілігі

Ай сайын

#### S.11. Тарату форматы, қолжетімділік және нақтылық

##### S.11.1. Жаңалықтарды жариялау

Тұрғын үй нарығындағы бағаның өзгеруі туралы баспасөз хабарламасы ай сайын жарияланады. Ақпарат Бюроның [www.stat.gov.kz](http://www.stat.gov.kz) интернет-ресурсындағы «Басты бет» / «Жаналықтар» бөлімінде орналастырылған.

##### S.11.2. Жарияланымдар

«Қазақстан Республикасындағы тұрғын үй нарығындағы баға индекстері мен бағалар» электрондық кестелер Бюроның [www.stat.gov.kz](http://www.stat.gov.kz) интернет-ресурстарындағы «Басты бет» / «Экономика» / «Баға статистикасы» / «Электрондық кестелер» бөлімінде ай сайын жарияланады.

##### S.11.3. Он-лайн режимдегі деректер базасы

«Талдау» АТЖ <https://taldau.stat.gov.kz> «Баға статистикасы» бөлімінде.

##### S.11.3.1 AC1. Деректер кестесі - кеңестер

Іске асырылмаған.

#### S.11.4. Микродеректерге қолжетімділік

Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі Төрағасының 2010 жылғы 2 шілдедегі № 168 бұйрығымен бекітілген Дерекқорды ғылыми және ғылыми-техникалық қызметте сәйкестендірілмеген түрінде пайдалану үшін ұсыну қағидалары. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2010 жылғы 13 тамызда № 6388 болып тіркелген.

#### S.11.5. Басқа

##### S.11.5.1 AC 2. Метадеректер - кеңестер

Іске асырылмаған

#### S.12. Құжаттаманың қолжетімділігі

##### S.12.1. Әдіснама бойынша құжаттама

«Тұрғын үй нарығындағы бағалар индексін құру әдістемесі» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының міндетін атқарушының 2016 жылғы «26» ақпандағы № 41 бұйрығымен бекітілген және Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде №13558 болып тіркелген. Бюроның [www.stat.gov.kz](http://www.stat.gov.kz) интернет-ресурстарындағы «Басты бет» / «Әдіснама» / «Баға статистикасы» бөлімінде және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесінде [www.adilet.zan.kz](http://www.adilet.zan.kz) қолжетімді.

##### S.12.2. Сапа бойынша құжаттама

1. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2015 жылғы 30 наурыздағы № 53 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік органдардың статистикалық ақпаратты түзу процесін сипаттаудың үлгілік әдістемесі.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2018 жылғы 23 мамырдағы № 63 бұйрығымен бекітілген Ресми статистикалық ақпараттың сапасын бағалау әдістемесі.

3. Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы Басшысының 2024 жылғы 19 наурыздағы № 2 бұйрығымен бекітілген, Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2024 жылғы 20 наурызда № 34168 болып тіркелген Әкімшілік деректердің сапасын бағалау қағидалары.

#### S.13. Сапаны басқару

##### S.13.1 Сапаны қамтамасыз ету

Баға статистикасы деректерінің сапасы мен анықтығы жалпы қабылданған рәсімдермен расталады:

- бастапқы есепке алудың негізгі принциптерін сақтау;
- тұрғын үй түрлерінің стандартты статистикалық жіктелімін пайдалану;
- бағаны байқау үшін іріктелген тұрғын үй түрлері және базалық объектілер тізбелерінің іріктемелі жиынтықтарын ротациялау;
- салмақтау сызбасын жыл сайын қайта қарау;
- агрегацияның барлық деңгейіндегі баға индекстерін есептеу үшін бірыңғай формулаларды қолдану.
- басқа салалардағы, балама ақпарат көздері (БАҚ, интернет және басқа ұйымдардың) бағаларының серпінімен өзгерістерді талдау.

##### S.13.2 Сапаны бағалау

Тұрғын үй нарығындағы баға индексін құру әдістемесі Халықаралық еңбек ұйымы, Халықаралық Валюта Қоры, Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы, Еуростат, Біріккен Ұлттар Ұйымының Еуропалық экономикалық комиссиясы, Дүниежүзілік Банкі дайындаған «Тұрғын жылжымайтын мүлікке баға индексі бойынша нұсқаудың» (2013 жыл) ұсынымдарын ескерумен әзірленген.

#### S.14. Өзектілік

##### S.14.1. Қажеттіліктер

Ақпаратты пайдаланушылар:

Қазақстан Республикасының Үкіметі, мемлекеттік органдар, мемлекеттік мекемелер, халықаралық ұйымдар, жеке және заңды тұлғалар және басқа пайдаланушылар.

##### S.14.2. Пайдаланушылардың қанағаттанушылығы

Жыл сайын ресми статистикалық ақпаратты пайдаланушыларға сауалнама жүргізіледі. Пайдаланушының сауалнамасы Бюроның [www.stat.gov.kz](http://www.stat.gov.kz) интернет-ресурстарындағы «Сауалнама» / «Пайдаланушылар сауалнамасы» бөлімінде қолжетімді.

Бұдан басқа, пайдаланушылармен және респонденттермен тұрақты кері байланысты қолдау мақсатында Бюрода 1446 Бірыңғай байланыс орталығы жұмыс істейді.

##### S.14.3. Толықтығы/ RL. Деректердің толықтығы - үлес

Қолданылмайды

#### S.15. Дәлдік және сенімділік (байқау типін ескерумен толтырылады)

##### S.15.1. Жалпы дәлдік

Қазақстан Республикасында соңғы бес жылдағы есептелген бағалардың дәлдігі мен сенімділігін талдау вариация коэффициентін қолдану арқылы жүргізілді.

Вариация коэффициенті бұл кездейсоқ шаманың салыстырмалы бытыраңқылығының өлшемі. Ол осы шаманың орташа мәнінен кездейсоқ шаманың орташа бытыраңқылығы қандай үлес құрайтынын көрсетеді. Орташа квадраттық ауытқудың мәні неғұрлым көп болса, зерттелетін мәннің бытыраңқылығы соғұрлым жоғары және біркелкілігі төмен болады. Вариация коэффициенті мына формула бойынша есептеледі:

$$C_v = \frac{SD}{\bar{X}} * 100\%,$$

мұнда:


$SD$  – орташа квадраттық ауытқу;

$\bar{X}$  – орташа мән.

Орташа квадраттық ауытқу мына формула бойынша есептеледі:

$$SD = \sqrt{\frac{\sum_{i=1}^n (x_i - \bar{X})^2}{n-1}}$$

Қазақстан Республикасындағы бастапқы тұрғын үй нарығындағы  
орташа баға вариациясының коэффициенті



2021-2025 жылдардағы бастапқы тұрғын үй нарығындағы бағаларды талдау деректердің біртекті емес екенін көрсетті. Бағаның ең үлкен шашыраңқылығы 2021-2022 жылдары байқалды.

S.15.2. Іріктеме қатесі - индикаторлар/ AL.

Мақсатты іріктемені пайдаланғандықтан бағалау мүмкін емес.

S.15.3. Іріктемеге байланысты емес қате

Іріктемемен байланысты емес қателер есептелмейді.

S.15.3.1 Қамту қатесі

Мақсатты іріктемені пайдаланғандықтан бағалау мүмкін емес.

S.15.3.1.1. A2. Қамтуды арттыру - үлес

Қолданылмайды.

S.15.3.1.2. A3. Жалпы бірліктер - арақатынас

Қолданылмайды.

S.15.3.3 Жауап жоқ болу қателері

S.15.3.3.1. A4. Жауап жоқ болу бірлігі - үлесі

Қолданылмайды.

S.15.3.3.2. A5. Жауап жоқ болу тармағы - үлесі

Қолданылмайды.

S.16. Уақыттылық және ұқыптылық

S.16.1 Уақыттылық

S.16.1.1 TP1. Күту кезеңі - алғашқы нәтижелер

Алғашқы нәтижелер есепті кезеңнен кейін 9-күні жарияланады және түпкілікті болып табылады. Шығарылым күні Статистикалық жұмыстар жоспары мен

Ресми статистикалық ақпаратты тарату графигінде жыл сайын бекітіледі және жарияланады.

#### S.16.1.2 TP2. Күту кезеңі - соңғы нәтижелер

Алғашқы нәтижелер түпкілікті болып табылады.

#### S.16.2 Ұқыптылық

##### S.16.2.1 Ұқыптылық/TP3

Деректер Бюро басшысының бұйрығымен жыл сайын бекітілетін Ресми статистикалық ақпаратты тарату графигіне сәйкес жарияланады және таратылады. Жариялау мерзімі Бюро басшысының бұйрығымен жыл сайын бекітілетін және Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде тіркелетін Статистикалық жұмыстар жоспарында белгіленген.

Нақты және жоспарланған күндер сәйкес келеді, 2025 жылы жарияланым мерзімінің бұзылуы болған жоқ. Егер жарияланым демалыс немесе мереке күндеріне түссе, жарияланымдарды шығару келесі жұмыс күніне ауыстырылады.

#### S.17. Салыстырмалылық

##### S.17.1. Географиялық салыстырмалығы

Қазақстан Республикасы аумағының шегінде.

##### S.17.1.1 Ағындардың айналы статистика бойынша ассиметриясы - коэффициент/CC1

Қолданылмайды

##### S.17.2. Салыстырылатын уақыттық қатарлардың ұзақтығы/CC2

Тұрғын үй индексінің серпінділік қатары салғастырымды және 2007 жылдан бастап үздіксіз. Бюроның интернет-ресурсындағы [www.stat.gov.kz](http://www.stat.gov.kz) «Басты бет» / «Экономика» / «Баға статистикасы» / «Динамикалық қатарлар» бөлімінде жарияланған.

#### S.18. Келісушілік


##### S.18.1. Сыртқы келісушілік, айқасқан

Әдістеме Халықаралық еңбек ұйымы, Халықаралық Валюта Қоры, Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы, Еуростат, Біріккен Ұлттар Ұйымының Еуропалық экономикалық комиссиясы, Дүниежүзілік Банкі дайындаған «Тұрғын жылжымайтын мүлікке баға индексі бойынша нұсқаудың» (2013 жыл) ұсынымдарын ескерумен әзірленген.

##### S.18.2. Ішкі келісушілік

## Қазақстан Республикасындағы алғашқы тұрғын үй нарығындағы және құрылыс ұйымдары сатып алған құрылыс материалдарына бағаның өзгеруі

өткен айға пайызбен, өсуі +, төмендеуі -



2024-2025 жылдары алғашқы тұрғын үй нарығындағы бағаның өзгеру серпіні және құрылыс ұйымдары сатып алған құрылыс материалдарына бағасының өзгеруі ұқсас болды.

### S.19. Жүктеме

Респондентке жүктеме жоқ. Тұрғын үй нарығындағы бағаны тіркеуді аумақтық статистика бөлімшелерінің мамандары жүзеге асырады. Дереккөздер – құрылыс ұйымдары, жылжымайтын мүлік агенттіктері, интернет-ресурстарда орналастырылған тұрғын үйді сату және жалға алу туралы хабарламалар.

### S.20. Деректерді қайта қарау

#### S.20.2 Деректерді қайта қарау /A6

2025 жылғы қайта жариялау болған жоқ

### S.21. Статистикалық деректерді өңдеу

#### S.21.1. Алғашқы деректер

Республика бойынша тұрғын үй түрлеріне баға индексін құру екі деректер ағынын пайдалануды көздейді: салмақ құрауыштары (салмақтау сызбасы) және өңірлер бойынша бағалардың өзгеруі.

Жаңа тұрғын үйді сату үшін салмақтарды қалыптастыру үшін дереккөз ретінде тұрғын үйді пайдалануға беру, пәтерлерді қайта сату - көппәтерлі үйдегі пәтерлерді сатып алу-сату мәмілелерінің саны туралы деректер, абаттандырылған тұрғын үйді жалға алу төлемі - жылжымайтын меншікті немесе жалға алынған тұрғын үй мүлкін жалға алу және пайдалану бойынша көрсетілген қызметтердің көлемі туралы деректер қолданылады.

Тұрғын үй нарығындағы бағалардың өзгеруі туралы ақпаратты жинау «Жаңа тұрғын үй бағаларын тіркеу дәптері» (1-ЦРЖ, айлық) статистикалық нысанына сәйкес бағаларды тіркеу арқылы жүзеге асырылады.

## S.21.2. Зерттеу кезеңділігі

Айлық

## S.21.3. Алғашқы статистикалық деректерді жинау әдісі (тәсілі)

Жаңа тұрғын үйді сатудың, тұрғын үйді қайта сатудың және жалға берудің орташа бағаларын және баға индекстерін қалыптастыру үшін ақпарат дереккөзі жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың материалдары болып табылады.

Бағаны тұрғын үйді сату және жалға беру бойынша операцияларды жүзеге асыратын ұйымдардың қызметкерлерінен тікелей пікіртерін алу арқылы баға жинауға жауапты, мемлекеттік статистиканың аумақтық бөлімшелерінің жауапты тиісті лауазымды адамдары тіркейді, сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралдарында немесе интернет-ресурстарда орналастырылатын хабарландырулардан белгіленеді.

## S.21.4. Алғашқы статистикалық деректердің анықтығы

Бастапқы статистикалық деректерді енгізген кезінде ең төменгі және ең жоғары баға индекстерін, базалық бағаларды ауыстыруды, базалық объектілерді ауыстыруды, сипаттамалардың жоқ болуын және т.б. форматтық-логикалық бақылаулар енгізілген.

## S.21.5. Импутация - үлесі/A7

Қолданылмайды.

## S.21.6. Түзету

Қолданылмайды.

### S.21.6.1 Маусымдық ауытқуларға түзетулер

Жүзеге асырылмайды.

## S.22. Ескерту

Статистикалық деректердің сапасын қамтамасыз ету бойынша жұмысты жалғастыру.